

III. Берсиев атындағы орта мектебі

2022-2023 оқу жылы

бойынша ыстық тамақтың

ұйымдастырылуы туралы

А Қ П А Р А Т

Ш.Берсиев атындағы орта мектебінде 2022-2023 оқу жылы бойынша ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы мектеп директорының №112 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметі көрсетілуіне байланысты жекелеген санаттарға жатқызылған білім алушылар тізімін бекіту, №113/1 тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асыру, жеткізілген азық түліктің сапасы, оны сақтау, тамақты дайындау технологиялары мен тарату кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, балаларды тамақтандыру кезінде мәдени-гигиеналық ережелерді сақтау мақсатында бракераждық комиссия құру, №113 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №61 бұйрығын орындау мақсатында оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құру бұйрықтары шықты.

Осы бұйрықтарды негізге ала отырып жұмыстар атқарылды. Ыстық тамаққа бару кестесі мен асханаға жасайтын кезекшілік кестесі құрылды. Ыстық тамақты ұйымдастырудың жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Арнайы санатқа жататын оқыушылардың құжаттары жинақталып, тізім бекітілді. Жоспар негізінде жұмыстар мерзімінде орындалды.

Оқу жылы басында 47 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Тамақ ішетін оқушылардың күнделікті ыстық тамаққа баруы қадағаланып, олардан ас мәзірінің берілу жайы, асханадағы ахуалдың жайы, қызметкерлердің қарым - қатынасы туралы сауалнамалар алынып, қорытындыланып тұрды.

Оқушылардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру, дұрыс тамақтану, адам ағзасына пайдалы дәруменді тамақтарды қолдану, фасфуд тағамдарының зияны туралы ақпараттар, жалпы оқушылардың денсаулықты күту үшін уақытылы дұрыс тағамданудың маңызы зор екенін ұғындыру мақсатында төмендегідей іс-шаралар өтті.

Мектеп медбикесі бастауыш сынып оқушыларына «Витаминдер сөйлейді» кеңес беру сабағы, 5-6-7-8 сыныптарға сынып жетекшілер мен ДТЖО біріге отырып «Фасфуд тағамдарының адам ағзасына кері әсері» дөңгелек үстел, 9-10-11 сынып оқушыларына мектеп психологы «Дұрыс тағамданудың адам психологиясына тигізер пайдасы» кеңес беру сабақтары өтсе, әлеуметтік педагог «Ас адамның арқауы» тақырыбында сауалнама алды. Және мектеп кітапханасында дұрыс тамақтану туралы арнайы бұрыш жасакталды. Қосымша сынып сағаттарында дұрыс, жүйелі тамақтану туралы видеороликтер көрсетіліп, кеңестер беріліп отырды.

Мектеп асханасының тазалығы сақталып, материалдық техникалық жағдайы бақыланып отыр.

Мектеп медбикесі күн сайын астың дайындалу сапасын қадағалап, сынама алып дайындалған астың сапасы туралы мәліметтерін бақылау журналына енгізіп отырады. Ас әзірлейтін блоктың қызметкерлі медициналық тексеруден уақытылы өтіп тұрады. Бракераждық комиссия айына бір рет, мониторингтік комиссия тоқсанына бір рет текеру жасап, акт жазып отырды. Жалпы жыл бойғы тексеру барысында тағамдардың сапалық құрамы талапқа сай, берілген тағам мөлшері оқушылардың жасына сай нормаға сәйкес болды. Сапасыз дайындалған өнімдер мен тағамдар анықталған жоқ. Асханадағы санитарлық талап сақталып тұрды.

Мектеп директоры м.а.с.  Максимова

Орындаған:

Әлеуметтік педагог М.Алкенова